**«Балдәурен» бөбекжай- бақшасы меңгеруші жанындағы**

**2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 1**

Отырар ауданы 07.09.2023ж

Қатысуға тиіс:балабақша қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1.Жаңа оқу жылын ұйымдастыру:педагогикалық кадрларды орналастыру;жұмыс режимі ДОУ;топтардың санитарлық –гигиеналық жағдайы.
2.Оқу жылының басында балабақшаның жас топтарын дайындау.
3.Қосалқы үй жайлардың санитарлық режимі.
4.МДҰ-ны дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша ЖРС жарақтандыру
5.Топтарда ата-аналармен жиналыстар өткізуге дайындық деңгейі

**1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі** – қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап,алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталды.Жылдық жоспар мен топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп шықты.Жаңадан келген балалармен келісім шарт түзіліп,оларға балабақша шарттарымен ауызша түсіндірме жұмыстары жүргізілу керектігін ескертті.Ортаңғы тобының өткен оқу жылында жіберген кемшіліктерге ескерту айтып,алдағы оқу жылында сол қателікпен жұмыс істеуін тапсырды.
**2.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері** – Заттық дамытушы орта балаларға не үшін қажет деген сұраққа жауап берді.Балалардың дамуындағы маңызды факторларының бірі-олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі,бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру,құру болып табылатынын айтты.Балаға заттар мен ойыншықтар таңдауда еркін және қол жетімді болуы керек.Сонда ғана бала өз ойындағы тамаша туындыларды шығаруға мүмкіндік туатынын айтты.

**3.Үшінші мәлесе бойынша** қосалқы үй-жайлардың санитарлық режимі туралы мебдике баяндама айтылды.

**Төртінші мәлесе бойынша** топтағы балалармен танысып олардың ата-аналарымен тығыз байланыста екендігін айтты.Балабақша меңгерушісі мен әдіскер міндетті түрде қатысып отыру шарт.Ата-аналардың балабақшаға қатысты туындаған сұрақтарға тек балабақша басшылары жауап беріп отырады.

**Шешім**

1.Жаңа оқу жылын ұйымдастыру:педагогикалық кадрларды орналастыру;жұмыс режимі ДОУ;топтардың санитарлық –гигиеналық жағдайы. Жауапты-әдіскер,шаруа меңгерушісі,медбике
2.Оқу жылының басында балабақшаның жас топтарын дайындау. Жауапты - әдіскер
3.Қосалқы үй жайлардың санитарлық режимі.
4.МДҰ-ны дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша ЖРС жарақтандыру
5.Топтарда ата-аналармен жиналыстар өткізуге дайындық деңгейі

Кеңес төрайымы: Шуленбаева А

Хатшы: Калмурзаева Г

**«Балдәурен» бөбекжай- бақшасы меңгеруші жанындағы**

**2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 2**

Отырар ауданы 10.11.2023ж

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1.ӨБ,ҚТ,топтық үй-жайлардың жай-күйін тексеру
2.қорытындысы-2023 оқу жылы
3.Ас блогы мен кір жуу орнының санитарлық жағдайы.
4.Тамақтануды ұйымдастыру
5.Дәрігерлік –педагогикалық бақылау есебі

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші Шуленбаева А өткен кеңестің шешімдері өз дәрежесінде орындалғанын айтып өтті.Сонымен қатар топтарда өткізіліп жатқан ұоә талдап баланың даму деңгейін анықтайтын бастапқы мониторингінің нәтижесімен танысып шықты.Ортаңғы топтың нәтижесіне аздап көңілі толмайтынын айтып,төмен деңгейдегі тәрбиеленушілермен алдағы уақытта баламен жұмыстар жүргізілуін тапсырды.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Калмурзаева Г «Тәуелсіз елім-Қазақстан мен «Тәуелсіздік тұғырым» атты ашық оқу қызметі ересек және ортаңғы топтарда өтетінін айтты.Мерекелік ашық оқу қызметінің жоспары тексеріліп бекітіп беруін сұрады.Жоспармен танысқан балабақша меңгерушісі басқа тәрбиешілерге ашық оқу қызметін бұдан да жақсы қылып өткізуге болатынын айтты.Мерекеге қажетті балалардың киімдері мен сыйлықтары ата-аналар өздері қамтамасыз етіп ат салысатындарын жеткізді.

3.Үшінші мәлесе бойынша ересек тобының тәрбиешісі «таным» білім беру саласының ортаңғы және ересек топтарда алатын рөлі жайлы баяндама оқып берді.Баяндамада мектепке дейінгі ересек жастап танымдық сала жалпы танымдық дамуда елеулі рөл атқара бастайды.

Шешім:

1.ӨБ,ҚТ,топтық үй-жайлардың жай-күйін тексеру
2.қорытындысы-2023 оқу жылы
3.Ас блогы мен кір жуу орнының санитарлық жағдайы. Жауапты-шаруа меңгерушісі мен медбике
4.Тамақтануды ұйымдастыру
5.Дәрігерлік –педагогикалық бақылау есебі

Кеңес төрайымы: Шуленбаева А

Хатшы Қалмурзаева Г

**«Балдәурен» бөбекжай- бақшасы меңгеруші жанындағы**

**2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының**
**хаттамасы № 3**

Отырар ауданы 22.01.2024 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1.Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы балалармен сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2.Балалардың аралық мониторингінің нәтижелері

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдері қаншалықты орындалғанын атап өтті.Әдіскер қазіргі таңда ортаңғы топта баланың даму деңігейі жоғарылағанын айтты.Алдағы уақытта осы қарқынмен жұмыс жүргізілсе жақсы нәтижелерге жететіндігін тәрбиешіге ескертті.

2.Екінші мәселе бойынша әдіскер ортаңғы топтарда өткізілген «Тәуелсіздік» күніне арналған «Тәуелсіз елім-Қазақстан» оқу қызметінің қаншалықты өткендігі жайлы тәрбиешілердің ойын білу үшін сөз кезегін тәрбиешілерге берді.Кіші топтың тәрбиешісі: Маған «Аққу» тобының ашық оқу қызметі өте қатты ұнады.Тәрбиешінің шеберлігі мені тәнті етті.Балалардың назарын өзіне аудару ұ.о.қ қызықты өтуіне топпен ат салысқаны ұнады.тәрбиеші баламен қалай жұмыс жасау керектігін жақсы меңгергені көрініп тұр деді.Тәрбиешілер әдіс алмасу мақсатында ортаңғы топтың ашық оқу қызметіне қатыстым.Өзіме қажетті әдіс-тәсілдерді түртіп отырдым.Балалар ұ.о.қ жақсы қатысып отыр.Ойын барысында баланы ынталандыру үшін мақтау,мадақтау аз айтылды.Әдіскер балабақшамызда баланың даму деңгейін анықтайтын аралық мониторинг жүргізілгендігін айтты.Жарты жылда бала нені меңгерді,нені меңгеру керек деген сұрақ аясында қызу талқыланып,әр бала даму ерекшелігіне байланысты деңгейлер берілгендігін атап өтті.Аралық мониторинг арқылы баланың шығармашылық қасиетін

анықтай алып сол бағытта жұмыстар жүргізілетінін ескере кетті.«Шығармашылық» білім беру саласы барлық топтарда өтілетін болғандықтан кіші топ тәрбиешісі өзінің әдіс-тәсілімен бөлісті.Бала көргенін қайталайтын болғандықтан оның жас ерекшелігін де ескерген дұрыс.

**Шешім:**

1.Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы балалармен сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2.Балалардың аралық мониторингінің нәтижелері

Кеңес төрайымы: Шуленбаева А.Б

Хатшы: Калмурзаева Г